**Тараз қаласының 2000 жылдық мерейтойына әзірлік және өткізу жөніндегі іс-шаралардың жоспарын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 30 қазан N 1628. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.03.15. N 307 қаулысымен. ~P020307

"Тараз қаласының 2000 жылдығын мерекелеуге әзірлік туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 27 шілдедегі N 1141

P001141_

қаулысына
сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Тараз қаласының 2000 жылдық мерейтойына әзірлік және өткізу жөніндегі іс-шаралардың жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күніне бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 30 қазандағы
N 1628 қаулысымен
бекітілген

Тараз қаласының 2000 жылдық мерейтойына әзірлік
және өткізу жөніндегі іс-шаралардың
жоспары

---

P/c ! Іс-шара ! Жауапты ! Орындалу
N ! ! орындаушылар ! мерзімі

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | Айша-Бибі селосындағы Айша-Бибі және Бабаджа-Хатун, Тараз қаласындағы Қарахан және Дәуітбек кесенелері бойынша ғылыми-зерттеу, жобалау және қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыру | МАҚМ | 2001 жылғы қыркүйек |
| 2 | Тараз қаласында Қазақстан және шет мемлекеттер ғалым. дарының қатысуымен халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізу | МАҚМ, БҒМ | 2001 жылғы қазан |
| 3 | Тараз қаласында Қазақстан өнер шеберлерінің концертін және театрландырылған көрінісін өткізу | МАҚМ, Жамбыл облысының әкімі | 2001 жылғы қазан |
| 4 | ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде (Париж) халықаралық дөңгелек үстел, "Тараз-2000" көрмесін ұйымдастыру | МАҚМ, СІМ | 2001 жылғы қазан |
| 5 | Астана қаласында халықаралық түркі тілдес елдердің дәстүрлі музыкасының халықаралық фестивалін өткізу | МАҚМ, Астана қаласының әкімі | 2001 жылғы қазан |

Оқығандар:

Багарова Ж.А.
Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК